

# АҒЫЛШЫН КЕЛІСІМШАРТ ҚҰҚЫҒЫ

Келісімшарт жасасу





Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Келісімшарт жасасу

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

## Оферта және акцепт: объективті ұстаным

Шарт жасасу туралы бір немесе бірнеше нақты жақтарға жасалған ұсыныс, егер ол жеткілікті дәрежеде айқын болып, ұсыныс жасаған жақтың ол қабылданған жағдайда (акцепт) өзін сонымен байланысты деп есептеу жөніндегі ниетін көрсетсе, оферта деп танылады. Егер ұсыныста шарттың елеулі ережелері немесе оларды анықтау тәртібі көрсетілсе, ол жеткілікті дәрежеде айқын деп табылады.



Көп жағдайда, әсіресе тараптар хат-хабар алмасқан жағдайда олардың келісімге келгенін-келмегенін анықтау үшін жауабы бар тиісті оферта мен акцепттың болуы қажет екенін ескеретін талдау жүргізіледі. Мұндай жағдайда келісімшарт оферта қабылданған (акцептелген) кезде жасалған болып саналады.

Кейбір жағдайларда айқын оферта мен акцепттың болғанын анықтау мүмкін емес, мұндай кезде арнайы юрисдикция соты ортақ шешімге келу үшін икемділік танытуы қажет.

*Ретімен хат-хабар алмасу жағдайындағы оферта мен акцепт.* Гибсонның Манчестер қалалық кеңесіне қарсы ісін (1979) қараған Лордтар Палатасы ретімен хат-хабар алмасу арқылы келіссөздер жүргізу, әсіресе жер сатып алу-сату шарттарын жасасу жағдайында оферта мен акцепт талдауын қолдану қажеттігін қайта растады.

*Оферта және акцепт талдауын қолдануға болмайтын жағдайлар.* New Zealand Shipping компаниясының Satterthwaite, 'The Eurymedon' компаниясына қарсы ісін (1975) қараған Құпия кеңес мүшесі лорд Уилберфорстың айтуынша, келісімшартқа қатысты жағдайлардың барлығында оферта мен акцепт талдауын қолдануға бола бермейді. Мысалы, Лондонда жүретін екі қабаттан тұратын автобуска міну жағдайында.

## Оферта және оферта жасауға шақыру

**Оферта.** Оферта дегеніміз – оферта адресатының (offeree) қосымша келіссөз жүргізбей қабылдауына болатын анық ұсыныс.

Оферта жасауға шақыру. Офертаға қарағанда, жай ғана оферта жасауға шақыру, яғни іскерлік байланыс орнатуға шақыру арқылы бір тарап басқасына келісімшарт жасасуға дейін бірлесіп мәміле жүргізуге мүмкіндік береді.

### Жарнама және бұқараға арналған ақпарат.

Жалпыға ортақ ережеге сай, тауарлар мен қызмет түрлерін жарнамалау, бір қарағанда (prima facie), оферта емес, оферта жасауға шақыру болып саналады.

Дегенмен мүлікті, соның ішінде тауарлар немесе қызмет түрлерін электрондық түрде жарнамалау **оферта жасауға шақырудан өз алдына бөлек нақты оферта болып қарастырылуы мүмкін.**

**Жарнама.** Электрондық емес жарнамалар – жай ғана оферта жасауға шақыру деген презумпция бар. Олай болмаса, жарнама беруші тараптар аса үлкен сұранысқа тап болар еді. Ол электрондық коммуникация құралдары болмаған заманда қалыптасқан, ол заттай жасалатын жарнамаларға қатысты еді. Қазір бұл тұжырымды электрондық (онлайн) сауда-саттық т.б. сияқты қарқынды дамып келе жатқан процестер тұрғысынан да қарастыру керек. Арнайы юрисдикция соты электрондық жолмен жасалған мәмілелерді қарастырған кезде объективтілік принципін де, тұтынушылар құқығына қатысты барлық нормативтік ережелерді де ескереді. Веб-сайттардың көбісінде тұтынушылар электрондық төлем жасай алады. Мұндай жағдайда тұтынушының төлем жасауға түпкілікті келісіп, рұқсат беруі – оның жеткізуші офертасын қабылдағаны деп білу керек.

## Жеке тұлғаға, бір топ адамға немесе қалың бұқараға оферта жасау

Офертаны жеке тұлғаға немесе бір топ адамға, немесе қалың бұқараға жасауға болады.



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Келісімшарт жасасу

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

Біржақты келісімшарттар, әдетте, дүниежүзі бойынша жеке-дара айқындалмаған адамдар тобына оферта жасауды қажет етеді. Карлилдің Carbolic Smoke Ball Co компаниясына қарсы ісін (1892) қараған лорд-судья Боуэн оферта жөнінде мынадай мәлімдеме жасады:

«Бұл – бүкіл әлемге жасалған оферта; олай болса, бүкіл әлемге жасалған офертаны біреу қабылдап, тиісті талапты орындаса, онымен келісімшарт жасаспауға не себеп бар? Жасалған офертаға сай талапты орындаған адам өзіне тиісті жауапкершілік жүктейді. Бұл оферта бүкіл әлемге арналып жасалғанына қарамастан, аталған келісімшарт жарнамаға сеніп, ұсынысты қабылдап, қажетті талапты орындаған қалың бұқараның белгілі бір өкілімен ғана жасалған. Бұл іс – сіз келіссөз жүргізуге ұсыныс жасаған немесе кітаптар сатамын не үй-жайларды жалға беремін деп жарнама жасаған жағдайлардан өзгеше іс. Аталған жағдайларда келісімшартқа сай міндетті сипатқа ие оферта жасалмайды. Мұндай жарнамалар келіссөз жүргізуге ұсыныс жасаумен барабар, олар – ұсыныс алуға жасалған оферта, осындай істерді қараған бір білікті судья айтқандай, олар саудаласуға шақыру (сондай ұсыныс жасау) болып саналады. Мұндай оферта міндетті сипаттағы оферта болса, онда адам тиісті талапты орындаған сәтте келісімшарт жасалады».

### Оферта адресатының оферта жасалғанын білуі

Оферта адресаты тиісті офертаның жасалғанынан хабардар болғанда ғана акцепт жарамды болып саналады.

**Cross-offers** – қарсы оферталар (яғни тараптардың бір уақытта бірдей талаптарға қатысты өзара ұқсас оферта жасауы) келісімшарт жасасуға негіз бола алмайды.

Қарсы оферталар деп тараптардың бір-біріне бір уақытта оферта жасауын айтады. Мұндай жағдай сирек кездеседі. Тиннің Hoffman & Co компаниясына қарсы ісі (1873) бойынша қабылданған шешімге сай, қарсы оферталар дегеніміз – қос тараптың ойларының күтпеген жерден бірдей дәл келуі, алайда бұл міндетті заңдық күші бар келісімшарттың жасалғанын білдірмейді. Өйткені қос тараптың бір уақытта өз мүдделерін білдіруі тиісті ретпен оферта мен акцепттың жасалғанына барабар емес, яғни тараптар бір-біріне ұсыныс пен акцепт жасаған болып саналмайды.

### Арам ниетпен жасалған акцепт жарамсыз

Ешқандай оферта жасалмаған жағдай. Оферта жасалғаны объективті түрде анық болуы тиіс. Болжалды оферта адресаты қарсы тараптың қателесіп, нағыз оферта талабына қайшы ұсыныс жасағанын қисынға сай білуге тиіс болған немесе шынымен білген жағдайда келісімшарт жасалған болып саналмайды.

Қателесіп жасалған оферта. Оферта жасалған күннің өзінде, қандай да бір тұлға басқа тұлғаның оған шын мәнінде оферта жасамағанын білгенде (немесе осы жайтты қисынға сай білуге тиіс болғанда), келісімшарт жасалған болып саналмайды. Керісінше, қандай да бір тұлға басқа тұлғаның оған оферта жасап тұрғанына қисынға сай сенсе (оференттің, шын мәнінде, офертаны оған арнап жасамағанына қарамастан), аталған тұлға жасаған акцепт жарамды болып табылады. Мысалы, Моранның Сэлфорд университеттік колледжіне қарсы ісі (1993): жауапкер университет Моранға келер оқу жылында орын бөліп, физиотерапия саласында білім алуды ұсынады. Моран бұл ұсынысты адал ниетпен қабылдады. Алайда аталған ұсыныс жаңылыс жазылған, қателесіп жіберілген еді. Ұсыныстың қателікпен жіберілгені Моранға тек қыркүйек айының басында ғана мәлім болды. Осы уақытта университетке қабылдаудың тиісті процедуралары аяқталып, оған сонда ғана Сэлфордта орын берілмейтіні белгілі болады. Мұның салдарынан Моран бір оқу жылын еріксіз жоғалтып алды. Өзіне университетте орын бөлінгеніне сенімді болған ол Лондондағы жұмысынан шығып, тұрған үйінен көшіп кеткен.

Нақты оферта жасалмағаны анық болған жағдайлар. Болжалды оферта адресаты қарсы тараптың қателесіп, нағыз оферта талабына қайшы ұсыныс жасағанын білген немесе қисынға сай білуге тиіс болған жағдайда акцепт жасалған болып саналмайды, өйткені бұл жағдайда жарамды оферта да жасалмаған.

### Офертаны тоқтату: оферта адресатының бас тартуы

Оферта адресаты ұсыныстан бас тартса және оферент ұсынысты қайта жасамаса, аталған оферта бойынша акцепт жасалмайды, яғни оферта жабылады. Сәтсіз қарсы оферта жасау да офертадан бас тарту болып саналады, сондықтан қарсы оферта жасаған тарап бастапқы офертаны қабылдай алмайды. Оны қабылдау үшін қарсы оферта жасаған оферта адресаты ұсынысты қайта жасауы тиіс.

Қарсы тарапқа ұсыныстың қабылданбағанын қандай да бір жолмен хабарлау бастапқы офертаның күшін



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Келісімшарт жасасу

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

жояды деген тұжырым бұрыннан белгілі, оны Гранттың Браггқа қарсы ісін (2009) қараған Апелляциялық сот «жалпыға мәлім заң» деп атаған.

## **CESSATION OF OFFER: Оференттің офертаны қайтарып алуы немесе ойын өзгертуі**

Оферта адресаты офертаны мынадай жағдайларда акцептілей алмайды: (а) оферент офертаны жарамсыз деп танып, оны өзі қайтарып алғанда; (b) оферта адресаты офертаның өзі үшін жабық екенінен жанама жолмен хабардар болғанда.

Белгіленген мерзімге дейін акцепт жасауға ашық оферта туралы мәлімдемені, заң бойынша жауапкершілікке тартылмай, тікелей немесе жанама жолмен қайтарып алуға болады. Бұл ереже мынадай жағдайларда қолданылмайды: (а) оферта адресаты акцепт жасап үлгергенде; (b) оферта ыңғайласпа қанағаттандыруы бар міндетті сипаттағы келісім болғанда немесе оферта ресми шарт түрінде жасалғанда.

## **Офертаны тоқтату: мерзімнің өтуі және оның салдарынан болған өзгеріс**

Оферта адресаты офертадан бас тартқан немесе оферент офертаны қайтарып алған жағдайлармен қатар, оферта бойынша акцепт мына жағдайларда да қабылданбайды: (а) белгіленген мерзім өтіп кеткенде; (b) уақыт өтіп кетіп, акцепт жасаудың мәні жоғалғанда.

Оферта бойынша акцепт басқа да жағдайларда қабылданбайды: атап айтқанда, қандай да бір тарап қайтыс болғанда, оның құқық қабілеттілігі өзгергенде не ол құқық қабілеттілігінен айырылғанда, немесе тиісті талап орындалмағанда.

Оферта адресатына акцепт жасайтын мерзім беріледі. Гранттың Браггқа қарсы ісін (2009) қараған Апелляциялық соттың шешіміне сай, белгіленген мерзім өтіп кетсе, оферта акцептелген болып саналмайды.

Оферент оферта адресатына белгіленген мерзімде қолданылатын, міндетті сипатқа ие таңдау (опция) бермесе, оферент өзі акцептке берген мерзімді жарамсыз деп тануы мүмкін.

*Акцепт жасау үшін кесімді мерзім берілмейтін жағдайлар.* Белгіленген мерзім болмаса, (қайтарып алынбаған) офертаны тек қисынға сай уақыт ішінде акцептілеу керек. Манчестердің Білім беру жөніндегі епархиалдық кеңесінің Commercial & General Investments Ltd компаниясына қарсы ісін (1970) қараған судья Бакли аталған ережеге негіз болатын түрлі жайттарды талдаған, атап айтқанда, ол мына жайттарды қарастырған: (а) оферта адресатының үнсіз қалуы немесе әрекет етпеуі офертадан бас тартуды айқын болмаса да білдіретін жағдай немесе (b) оферта бастапқыда қисынға сай мерзім ішінде ғана жарамды болатыны, ал сол мерзім өткеннен кейін ол күшін жоятыны көзделген жағдай.

*Әдетте акцепт туралы хабар жеткізілуі тиіс*

Акцепт пошта арқылы жасалғанда немесе оферта біржақты келісімшартқа сай жасалғанда, немесе оферент акцепт жасау талабынан айқын бас тартқан кездерді санамағанда, оферентке акцепт жасалғандығы туралы хабар жеткізілуге тиіс.

*Оферта адресатының үнсіз қалуы*

Келісуші тараптардың өзара міндеттемелер алуы көзделген оферталарды, яғни екіжақты келісімшарттарды үнсіздікпен акцептілеуге болмайды.

Жалпыға ортақ ережеге сай, оферта адресаты екіжақты келісімшарттарды үнсіздікпен акцептілей алмайды.

*Акцептті іс-әрекет арқылы білдіру.* Оферта адресатының ұсынысты қабылдағандай іс-әрекеті оның шынымен акцепт жасағанын білдіруі мүмкін, яғни акцептті іс-әрекетпен білдіру.

Акцептті іс-әрекет арқылы білдіру деп оферта адресатының ұсынысты қабылдағандай, оған келіскендей әрекет етуін айтады.

Арнайы юрисдикция соты бұл тұжырымдарды қолданғанда мұқият болуы қажет. Атап айтқанда, (а) айқын келісім берілмесе, жалған болжамдарға жол бермеуге; (b) тараптарға қысым көрсетуді болдырмауға; (c) келісімшарт еркіндігі принципіне сай, келісім берілді деген болжамның шын келісімге барабар болуын қадағалауға ерекше көңіл бөлу керек. Әдетте іс-әрекет оң сипатта болады. Дегенмен кейбір жағдайларда ешбір әрекеттің болмауына да көңіл бөлу керек.



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Келісімшарт жасасу

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

## Акцепт мерзімі

Оферент поштамен жіберілген хабарламадан басқа хабарламаны (электрондық пошта т.б.) қалыпты жұмыс уақыты барысында алған кезде акцепт жасалған болып саналады. Оференттің аталған хабарламаны сол уақытта бірден ашып оқуы, оны назарға алуы шарт емес. Хабарлама жұмыс уақытынан тыс кезде келсе, акцепт оференттің кеңсесі (хабарлама жіберілген жер) қайта ашылып, жұмыс уақыты басталғанда жасалған болып саналады.

Қалыпты жұмыс уақыты барысында телекс, электрондық пошта, факс арқылы немесе қолма-қол жеткізілген акцепт туралы хабарлама (дәл сол мезетте оқылмаса да) бірден қабылданған болып саналады. Brinkibon компаниясының Stahag Stahl компаниясына қарсы ісі (1983) мынадай практикалық ереженің қолданылғанына мысал бола алады: электрондық поштамен жіберілген хабарлама (бұл істе – телекс арқылы жіберілген акцепт туралы хабарлама) алушы тараптың қалыпты жұмыс уақыты барысында келсе, акцепт сол кезде жасалған болып саналады; әйтпесе акцепт алушы тараптың кеңсесі қайта ашылып, жұмыс уақыты басталған кезде жасалған болып саналады.

Оферент жаңа жұмыс күні басталғанға дейінгі уақыт аралығында оферта адресатына оның акцепт туралы хабарламасын алғанын жеткізгенде, жоғарыда көрсетілген талапты орындау қажет емес. Олай болса, оферта адресаты оференттен оның акцепт туралы хабарламаны алғанын растайтын хабарды қабылдаған кезде келісімшарт жасалған болып саналады.

Мондиал ісі кеме иесінің кеме жалдаушысы тиісті төлем жасамағаны үшін келісімшартқа сай кемені қайтарып алу құқығына қатысты. Мәселе кеме иесінің кеме жалдаушы тарапқа төлем жасамағанына байланысты келісімшарт талаптарының орындалмағаны туралы телекс арқылы жолдаған хабарламасын кеме жалдаушысы қашан алған деген сұрақ төңірегінде еді. Алайда бұл сот ісі – оферта мен акцепт сияқты біртекті мәселе туындаған істің жарқын мысалы. Кеме иесінің телекспен жіберген хабарламасы жұма күні сағат 23:41-де, яғни кеме жалдаушысының жұмыс уақытынан тыс кезде келіп түскен (әрине, кейбір кәсіпорындар 24 сағат бойы жұмыс істеуі мүмкін). Кеме жалдаушысының кеңсесі дүйсенбі күні ғана, таңғы сағат 9:00-де ашылды. Судья Гейтхаус кеңсе ашылған мезетте хабарлама алынған болып саналады деген шешім шығарды. Бұл шешімде сот талқылауы барысында қолдануға болатын маңызды жайттар көрініс тапқан.

Оференттің электрондық пошта арқылы жасалатын акцепт: (i) электрондық хат оференттің электрондық поштасына келіп түскенде ғана және (ii) оференттің қалыпты жұмыс уақыты барысында келіп түскенде ғана жарамды болатыны туралы мәлімдеме жасағаны абзал.

Акцепт туралы хат жолдау

Оферта адресатының кесірінен болған жайттарды есепке алмағанда, ол жіберген хатты пошта қызметі кешіктіріп жеткізгеніне, тіпті хаттың поштада жоғалып кеткеніне қарамастан, акцепт туралы хат поштамен жөнелтілген кезде келісімшарт жасалды деп саналады. Оферент оферта адресатынан акцепт жасағаны туралы өзіне хат жолдауын айқын талап еткен кезде, аталған ереже қолданылмайды.

Поштамен хат жолдау ережесі қолданылған ең маңызды сот ісі – Household Fire Insurance Co компаниясының Grant Household Fire Insurance Co компаниясына қарсы ісі (1879): акцепт туралы хат поштада жоғалып кеткен. Бұл жайт акцептордың кесірінен болған жоқ, сондықтан сот келісімшарт хат поштамен жөнелтілген мезетте жасалған деген шешім шығарды.

Поштамен хат жолдау ережесінің қолданылмайтыны тұспалданған жағдайлар. Толық қолдау таппағанына қарамастан, «айқын қолайсыздық туғызатын» немесе «қисынға келмейтін» жағдайларда поштамен хат жолдау ережесі қолданылмайды деген (ұтымды) қағида да бар:

«Біріншіден, жолда жоғалып кетсе де, хатты поштамен жөнелткенде келісімшарт жасалған болып саналады деген ереже оферта талаптарында акцепттің жасалғаны туралы хабар оферентке келіп жетуі тиіс екені айқын көрсетілген жағдайларда қолданылмайды. Екіншіден, айқын қолайсыздық туғызатын немесе қисынға келмейтін жағдайларда бұл ереже қолданылмауы мүмкін...».

Акцептор ойын өзгертіп, поштамен жөнелткен акцепт туралы хатын электрондық пошта т.б. көмегімен қайтарып алуға әрекеттенген жағдайда қолданылатын ұтымды ұстанымға сай, поштамен жіберілген акцепт туралы хат келіп түскенге дейін жеткен қайтарып алу туралы хабар жарамды болып саналады. Англияда бұл мәселе бойынша анық шешім қабылданған жоқ. Аталған мәселені талдаған заңгер ғалымдар ортақ ұстанымға келе қойған жоқ. Шетел соттарының осы мәселеге қатысты шығарған шешімдерінің Англияда міндетті заңдық күші жоқ. Автордың пайымдауынша, оферта адресаты жедел байланыс құралдарын қолданып, өзінің поштамен жіберген акцептін қайтарып алуға құқылы. Бұл жайт оферентке ыңғайсыздық





Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Келісімшарт жасасу


Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

келтірмеуі қажет, яғни офференттің офферта адресатының «поштамен жіберген акцептті елемей қалдыру керек» деген хабарын поштамен жіберілген хаттан бұрын алғаны жөн.

### Біржақты келісімшарттар

Келісімшартта офферта адресатына қандай да бір міндеттеме жүктелмей, офференттің шартты, яғни пассивті міндеттемесі ғана қарастырылған жағдайда акцепт жасалғанын айқын білдірудің қажеті жоқ, оның орнына офферент офферта адресатының оффертаға жауап ретінде тиісті талапты орындауына байланысты өз мойнына алған міндеттемеге адал болуы тиіс. Офферент мәмілені тиісті талап орындалғаннан бұрын жарамсыз деп тануды көздесе, арнайы юрисдикция соты жағдайдың мән-жайын ескере келе, белгіленген талап орындалғанға дейін офферта адресатының құқықтарын қорғау немесе белгіленген талаптарды орындаудың мәні жоғалғанда құқықтық қорғау құралдарын қолдану туралы ұйғарым шығаруы мүмкін.

Біржақты келісімшарттарда әдетте сыйақы беру туралы ұсыныс болады: «Жоғалған көлігімді тапқан адамға 1000 фунт беремін». Мәселе «біржақты келісімшарт қашан акцептеледі?» деген сұраққа сайып келеді. Келісімшарттың осындай түрлері бірқатар сот шешімдерінде талданған, атап айтқанда, бірінші дәрісте пайымдалған сот ісін қараңыз: Карлиллдің Carbolic Smoke Ball Co компаниясына қарсы ісі (1892)



Осы ретте екі анық тұжырым жасауға болады, алайда үшінші мәселе даулы (офферент залалды өтеу жауапкершілігіне тартылмай, оффертаны қайтарып ала алмайтын сәт):

(1) тиісті шарттарды орындау арқылы акцепт жасау: Біржақты келісімшарт, әдетте, тиісті талаптарды толық орындау (мысалы, офферта адресатының сыйақыға қажетті ақпаратты беруі) арқылы акцептіленеді.

(2) акцепт жасалғанын анық білдіру қажет болмайтын жағдай: Офферта адресатының (адресаттарының): «Иә, сіздің ұсынысыңызды қабыл алдық; мысығыңызды табу үшін бар күшімізді саламыз», – деп алдын ала мәлімдеме жасауы қажет емес. Себебі офферент осылай ресми түрде акцепт жасау талабынан бас тартқан болып саналады. Аттриллдың Dresdner Kleinwort Ltd компаниясына қарсы ісін (2013) қараған Апелляциялық сот шешіміне сай, инвестициялық банктің өз жұмысшыларына кепілді түрде кемінде 400 миллион евро көлемінде сыйақы қорын құратыны туралы хабарландыруы акцепт жасалғанын анық білдіруді талап етпейтін офферта болып табылады, өйткені: (а) жоспарланған сыйақы беру жүйесі офферта адресаттарының пайдасына сай әрі оларға ауыртпалық түсіруді көздемеген, сондай-ақ (b) сыйақы беру жүйесін тек оған келісіп, акцепт жасағандарға ғана қолдану қисынға келмейтін шешім болар еді..

### Қолданылған әдебиеттер

1. J Cartwright, Formation and Variation of Contracts (London, 2014), 3-02 ff
2. Propositions (i) and (ii): J Cartwright, Formation and Variation of Contracts (London, 2014), 3-18 ff
3. Proposition (iii): J Cartwright, Formation and Variation of Contracts (London, 2014), 3-19, 3-20, 3-45
4. J Cartwright, Formation and Variation of Contracts (London, 2014), 3-27, 3-28
5. J Cartwright, Formation and Variation of Contracts (London, 2014), 3-28
6. J Cartwright, Formation and Variation of Contracts (London, 2014), 3-34
7. J Cartwright, Formation and Variation of Contracts (London, 2014), 3-32
8. J Cartwright, Formation and Variation of Contracts (London, 2014), 3-32
9. J Cartwright, Formation and Variation of Contracts (London, 2014), 3-29, 3-30
10. J Cartwright, Formation and Variation of Contracts (London, 2014), 3-29; Chitty on Contracts (32nd edn,



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Келісімшарт жасасу

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

---

- 2015), chapter 2, section 4
11. J Cartwright, Formation and Variation of Contracts (London, 2014), 3-33
  12. J Cartwright, Formation and Variation of Contracts (London, 2014), 3-38, 3-39
  13. J Cartwright, Formation and Variation of Contracts (London, 2014), 3-35; G McMeel, The Construction of Contracts: Interpretation, Implication and Rectification (2nd edn, Oxford, 2011), 14.25 ff
  14. J Cartwright, Formation and Variation of Contracts (London, 2014), 3.43
  15. A Davidson, The Law of Electronic Commerce (Port Melbourne, 2009), chapter 3
  16. cf UNCITRAL Model Law of Electronic Commerce (1996, amended 1998)
  17. J Cartwright, Formation and Variation of Contracts (London, 2014), 3-41 to 3-44
  18. J Cartwright, Formation and Variation of Contracts (London, 2014), 3-46; K Lewison, Interpretation of Contracts (5th edn, London, 2011), 3.14
  19. N Andrews, Contract Law (2nd edn, Cambridge, 2015), 3.42 to 3.44; J Cartwright, Formation and Variation of Contracts (London, 2014), 3-37
  20. J Cartwright, Formation and Variation of Contracts (London, 2014), 5-33